

Су тоғандарын жеке пайдалануға беру тәртібі жөніндегі нұсқауды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 желтоқсан 1994 ж. N 1483. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.30. N 119 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Су тоғандарын жеке пайдалануға беру тәртібі туралы Нұсқау бекітілсін (қ о с а б е р і л і п о т ы р) .

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Су объектілерін жеке пайдалануға беру туралы кепілдемелерді қозғау және қарау тәртібі жөніндегі Нұсқауды бекіту туралы" 1979 жылғы 6 қыркүйектегі N 336 (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., N 20, 63-бап) қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 4 8 3 қ а у л ы с ы м е н
Б е к і т і л г е н

Су тоғандарын жеке пайдалануға беру тәртібі туралы Нұсқау

1. Бұл Нұсқау су тоғандарын жеке пайдалануға беру жөніндегі кепілдемелерді қозғау мен қарау тәртібін белгілейді және егер заңдарда басқалай көзделмесе, Қазақстан Республикасының барлық су тоғандарына қолданылады.

2. Заңды ұйымдар мен азаматтарға:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті республика аумағында орналасқан, оның ішінде қорық деп жарияланған және мемлекеттік ерекше маңызды, ғылыми және мәдени құндылығы бар кез-келген тұйықталған (ақпайтын) су тоғандарын, сондай-ақ облысаралық пайдаланудағы су тоғандарын Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитетінің ұсынуымен;<
*

>
- су ресурстарын мемлекеттік басқару органдарының келісімі бойынша:
облыс әкімі облыстың әкімшілік шекарасы шегінде орналасқан ауданаралық пайдаланудағы тұйықталған (ақпайтын) су тоғандарын;

аудан әкімі ауданның әкімшілік шекарасы шегінде орналасқан тұйықталған (а қ п а й т ы н) су тоғандарын ;

қала әкімі қала шетінің шегінде орналасқан тұйықталған (ақпайтын) су тоғандарын жеке пайдалануға береді.

Су тоғандары жеке пайдалануға беру барысында халықтың су тұтыну жөніндегі мұқтажын жалпы су пайдалану тәртібімен ескеру қажет.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

3. Жеке пайдалануға берілген су тоғандарында жалпы су пайдалану мемлекеттік табиғат қорғау және су ресурстарын басқару органдары белгілеген жағдайда рұқсат етіледі.

Жеке пайдалануға су тоғанын алған су пайдаланушы жалпы су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салынғаны туралы хабарлауға міндетті.

Аталған су тоғандарды мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету үшін , өртке қарсы мұқтаждық үшін және табиғи апаттардың алдын алу мен жою шараларын жүзеге асыру үшін пайдалануға шек қоюға жол берілмейді.

4. Жеке су пайдалануға құқық беретін мемлекеттік актіні осы Нұсқаудың 2-тармағында көрсетілген органдар шешімінің негізінде су тоғандары немесе олардың бөліктері жеке пайдалануға берілетін заңды ұйымдардың тұрғылықты жері бойынша аудан және қала әкімдері береді.

5. Су тоғандарын немесе олардың бөліктерін жеке пайдалануға алуға мүдделі заңды ұйымдар мен азаматтар объектінің тұрған жерін, су пайдалану мақсатын, шарттары мен мерзімін көрсете отырып қажетті негіздемелермен кепілдеме қ о з ғ а й д ы .

Кепілдемеге мынадай құжаттар:

- су тоғандарының жоспары мен гидрогеологиялық сипаттамасы;
- жеке су пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорынның немесе басқа объектінің с и п а т т а м а с ы ;

- су тоғаны немесе оның бөлігі орналасқан аумақтағы жер иеленушілермен немесе жер пайдаланушылармен су тоғанды жеке пайдалануға беру мәселелері туралы келісім материалдары. Егер су тоғаны колхоз жерінде орналасқан болса, онда өтінішке колхоз мүшелерінің жалпы жиналысы (өкілдерінің жиналысы) хаттамасының көшірмесі тіркелуі тиіс;

- аталған су тоғанын пайдаланатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар жайлы , олармен суды одан әрі пайдалану (қайтадан) немесе оған құқықты жою шарттарын келісу жайлы мәліметтер;

- су және жер ресурстарын мемлекеттік басқару, табиғат қорғау, мемлекеттік санитарлық бақылау, балық қорларын қорғау және басқа мүдделі органдардың қ о р ы т ы н д ы л а р ы ;

- су тоғанын жеке пайдалануға беруге (жаңа кәсіпорындар үшін) алдын-ала келісім жасау қүжаты.

6. Су тоғанын жеке пайдалануға беру туралы кепілдеме:

- егер тұйықталған (ақпайтын) су тоғаны аудан әкімшілігі шекарасының шегінде орналасқан болса - аудан әкімшілігіне;

- егер тұйықталған (ақпайтын) су тоғаны қала шекарасы шегінде орналасқан болса - қала әкімшілігіне;

- егер ауданаралық пайдаланудағы тұйықталған (ақпайтын) су тоғаны облыс әкімшілігі шекарасы шегінде орналасқан болса - облыс әкімшілігіне;

- республика аумағында орналасқан тұйықталған (ақпайтын), оның ішінде қорық деп жарияланған, мемлекеттік ерекше маңызы бар, ғылыми және мәдени бағалы су тоғандары, сондай-ақ облысаралық пайдаланудағы су тоғандары - Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жіберіледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

7. Өз құзырындағы су тоғандарды жеке пайдалануға беру туралы кепілдемелерді аудан мен қала әкімдері 15 күндік мерзімде, ал облыс әкімдері мен Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет бір ай мерзімде қарайды және тиісті шешім қабылдайды.<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

8. Су тоғанын немесе оның бөлігін жеке пайдалануға беру туралы шешім қабылдаған мемлекеттік орган, оны жеке су пайдалануға құқық беретін мемлекеттік актіні беру жүктелген (мемлекеттік актінің үлгісі қосымшада келтірілген) аудан немесе қала әкімшілігіне, сондай-ақ осы орайда мүддесі қозғалатын ұйымдарға жібереді.

9. Егер жеке су пайдалану жаңадан салынып жатқан су пайдаланушы кәсіпорын немесе басқа болашақ объектілер үшін көзделген болса - оған мүдделі ұйымдар, мекемелер жобалау-зерттеу жұмысы барысында, су тоғаны құзырына жататын органмен оны жеке пайдалану мәселесін алдын ала келісуге міндетті.

Су тоғанын немесе оның бөлігін жеке пайдалануға беруді алдын ала келісу туралы кепілдеме, осы Нұсқаудың 5, 6 және 7 тармақтарында көзделген тәртіппен жіберіледі және қаралатын болады.

Су тоғанын немесе оның бөлігін жеке пайдалануға беруге алдын ала келісудің үш жылдық мерзімде күші бар. Бұл мерзімді алдын-ала келісу туралы шешім қабылдаған орган ұзарта алады.

10. Су тоғанын (оның бөліктерін) жеке пайдалануға беру жөніндегі

материалдар арнайы іс қағаздарында жинақталып, су тоғанын (оның бөлігін) жеке пайдалануға берген мемлекеттік органда сақталады.

Су тоғандарын жеке пайдалануға беру тәртібі туралы Нұсқауға

ЖЕКЕ СУ ПАЙДАЛАНУҒА ҚҰҚЫҚ БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК АКТ

Бұл мемлекеттік актіні _____ қаласының (ауданының) әкімі берді, _____

(акт берілетін су пайдаланушы кәсіпорын,

_____ ұйым мекеме атауы мен орналасқан жері) Себебі оған мерзімсіз уақытқа жеке пайдалануға _____

_____ дейінгі мерзімге (су тоғанының немесе оның бөлігінің атауы мен орны) беріледі.

Су тоғаны жеке пайдалануға _____ (мемлекеттік

_____ органның қаулысы немесе шешімі) негізінде _____

_____ үшін _____ (мақсаты, бағыты) _____ (уақыты және нөмірі) беріледі.

Осы мемлекеттік акт екі дана етіп жасалды, оның біріншісі су пайдаланушыға берілді, екіншісі _____ аудандық (қалалық) әкімшілігінде сақталады.

Осы актіге жеке пайдалануға берілген су тоғанының (су тоғаны бөлігінің) жоспары тіркелген.

Мөрдің орны _____ Аудан (қала) әкімі " _____ " _____ 199__ ж.